

Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1998 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 7 қазан N 4110

"Жалпыға бірдей әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z939000_ сәйкес қаулы етемін:

1. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер 1998 жылдың қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары қатарынан запасқа шығарылсын.

2. Шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақырылуын кейінге қалдыру құқығынан айырылған ересек жастағы азаматтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына 1998 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

3. Облыстар және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен өзара іс-әрекет жасай отырып, жергілікті өкілді органдармен бірге әскери комиссариаттар арқылы облыстық, қалалық және аудандық шақыру комиссияларының жұмысын қамтамасыз етсін, шақыруды үйимдасқан түрде өткізу және мерзімді әскери қызметтің өткериу үшін шақырылған азаматтарды әскерге жөнелту жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратуrases "Жалпыға бірдей

әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен осы Жарлықтың дәл және біркелкі қолданылуын қадағалауды қамтамасыз етсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК